

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

07.09.2020 ж.

№ 139

Қарағанды қаласы

город Караганда

Сыбайлас жемкорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсанындағы №986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемкорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Жарлығына сәйкес, сондай-ақ білім беру ұйымдарында сыбайлас жемкорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды болдырмау негізінде

Бұйрамын:

1. Қарағанды қаласының білім беру ұйымдары лицейінің қызметкерлеріне:

1) Оқушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе өзге де заңды өкілдерінен) лицейдің қажеттілігіне және тағы басқа мақсаттар үшін заңсыз ақша жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын;

2) Лицей қызметкерінен ақша жинауға жол берілмесін (сонын ішінде олардың келісімісіз еңбекақысынан ұстау);

3) Оқыту-тәрбиелеу барысында лицейдің коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға жол берілмесін,

4) Лицейдің жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымдарының өнімдерін өндіруге, бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол берілмесін;

5) Тәрбиелеу жұмысын орындау аясында лицей оқушылары мәдени-көпшілік шараларға қатысу үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және лицей қызметкерлерінің қатысуысыз өткізілсін;

6) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамадағы бұзушылыққа жол бермеуге;

7) Лицейде білім алушыларға ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсетуге жол бермеу;

8) Ақылы қызметтен түскен, сондай-ақ қаржы-қаражат, демеушілік және қайырымдылық көмек, есептеу кезеңдерде тиісті шоттарға жіберу;

9) Демеушілік және қайырымдылық көмек арқылы келген материалдық құралдарын кіріске қою;

10) Демеушілік және қайырымдылық көмек арқылы түскен қаражат және де ақылы білім беру қызметі арқылы түскен қаражат Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес пайдалану;

11) Мемлекеттік сатып алу туралы және бюджеттік заңнаманы бұзылуына жол бермеуге;

12) Бюджеттік қаражатты мақсатсыз пайдалануға жол бермеуге;

13) Лицейдің жеке сипаттағы мерекелердің өткізілуіне жол бермеуге (мерейтойлар, туған күндер және басқа да салтанаттар);

14) Лицейдің бөлмелерін заңсыз жалға беру фактілеріне жол бермеуге;

15) Лицейді толықтыру кезінде балаларды қабылдаудың стандарттарын (регламенттерін) және білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алу;

16) Лицейдің ата-аналары (немесе өзге заңды өкілдері) үшін қолжетімді жерде ақылы қызметтердің көрсету тәртібі туралы, мақсатты жарналардың және қайырымдылық көмектердің тартылу тәртібі, қосымша ақшалай қаражаттардың тартылуы бойынша заңсыз іс-әрекеттеріне шағымдану тәртібі туралы толық және шынайы ақпараттын орналастыруы камтамасыз етілсін;

17) Ақылы білім беру қызметтерін ұйымдастыру кезінде еріктілік ұстанымын сақтауға;

18) Ата-аналарының (немесе өзге заңды өкілдерінен) лицейде білім алушылардың, қаражат жинау мәселесі бойынша тұрақты жұмыс істейтін сенім телефонының жұмысын ұйымдастыру;

19) Шағын және орта кәсіпкерлік қызметінің жұмысына араласу фактілеріне жол бермеу;

20) Лицейде қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін;

21) Бұл бұйрық лицейдің барлық қызметкерлі мен ата-аналарының (немесе өзге заңды өкілдерінен) және лицейдің оқушылар назарына жеткізілсін;

22) Осы бұйрықты бұзылуына жол берген лицей қызметкерлерге қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолданылсын;

2. Осы бұйрықтың орындалуын лицей басшылары жеке жауапкершілікке алсын. Осы бұйрықтың орындалуы үшін лицей қызметкерлеріне жеке жауапкершілік жүктелсін.

3. Директордың ТІ жөніндегі орынбасары Буц Т.В. (қол қоюмен) лицей жұмысшыларын осы бұйрықпен таныстырсын.

4. Сыбайлас жемқорлықты насихаттау себептері мен шарттарының туындауын болдырмау туралы 2019 жылғы 14 қазанындағы № 116 бұйрықтың күші жойылды деп танылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың ОІ жөніндегі орынбасары Новоселцева И.М. жүктелсін.



Директор

К.Абзалиева